



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған «Балдырған» ортаңғы тобының
ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспар**

Тәрбиешілер: Д.А.Серікбаева
А.М.Жүсіпова

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «Аlinur» балабақшасы «Балдырған» ортаңғы топ балаларының тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидалары;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.

- 2025-2026оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты») РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Негізгі қимылдар: 1.Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру 2.Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі 3.Секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. . Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату 5. Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен 6. Тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; 7. Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен сапқа тұру Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Күтілетін нәтиже: бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді; сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді; тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді;
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қор. Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;

	Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, шағын тапқартар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады. Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді;
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсете білуге жаттықтыру. Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра білуін қалыптастыру. Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.

	Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады. Геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады. Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру. Көкөністер мен жемістерді, дөңгелек пішінді заттардың суретін сала білу (шарлар, бұлт, күн) дағдыларын жетілдіру. Сәндік сурет салу. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қоршаған әлемнің әсемдігіне эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Сазбалшықтың және ермексаздың қасиетін біледі
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету, желімдеудің техникасын меңгерту. Жапсыруды табиғи материалдарды пайдалану арқылы қолдану. Күтілетін нәтиже: Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Қағаздан құрастыру: Қағазды бүктеу, жырту тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру. Күтілетін нәтиже: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі.
Музыка	-Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру; -Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету; -Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Әуен немесе музыканың кіріспесі бойынша таныс әндерді тани алады;

		олардың мазмұндары туралы айта алады
	Қоршаған әлеммен мен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Күтілетін нәтиже: Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды. Кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды. Үй жануарларын атайды. Табиғатқа қамқорлық танытады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Alinur» балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету Негізгі қимылдар: 1. Жүру. Аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, 2. Жүгіру. Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру; 3. Секіру. Тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы 4) Лақтыру, тастау, қағып алу. Қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, 5) Еңбектеу, өрмелеу. 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру; 6) Тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; 7. Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша). Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күтілетін нәтиже: Бір қатар сапқа тұруға, аяқты қайшылап секіруге үйрендім Ойын ережелерін біліп және нақты орындадым

	Оңға солға адыммен адымдап жүруді біледі Алға домалауды біледі.Ұзын секіртпемен секіруді үйренді
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық жаттығуларды орындау арқылы, дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Сөздік қор. Заттардың бөлшектерін ажыратып, атай алады. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдана алады. Байланыстырып сөйлеу. Шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтып, ересектердің сөзін тыңдай және түсіне алады. Күтілетін нәтиже Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады, барлық сөз таптарын қолданады.
Көркем әдебиет	Оқу, Кітаптарға қызығушылықты ояту Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балаларды кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтауға баулу әңгімелеу.Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере алуға баулу Күтілетін нәтиже: Таныс ертегілерді сахналауға қатысады Кітаптағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады.Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Күтілетін нәтиже

		: Ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтуға, мазмұнына өзінің көзқарасын жеткізе алуға баулу. Туыстық қатынасқа байланысты сөздердің атауларын айтуға баулу
Математика негіздері		Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Бөлмедегі заттарды ажыратып, олардың санын анықтай алады. Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра алады. Геометриялық пішіндер. Геометриялық пішіндерді танып және атай алады, пішін түрлерін зерттей алады. Кеңістікте бағдарлау. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтай алады, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыра алады. Уақытты бағдарлау. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату дағдыларын жетілдіре алады. Күтілетін нәтиже: Заттарды қатарға реті, шамасы бойынша оң қолымен солдан оңға қарай қояды. Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұтастыру арқылы салыстырады; Геометриялық пішіндерді таниды және атайды: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш; өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады; Тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды.
Сурет салу		Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру. Ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелей алады. Сәндік сурет салу. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыруды одан әрі жалғастыру. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын таныта алады Күтілетін нәтиже: Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды, қағаз бетіне бейнені тұтас орналастыра алады.
Мүсіндеу		Заттық мүсіндеу. Ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды, азық- түлік тағамдарын мүсіндей алады. Күтілетін нәтиже:

		Ермексаздың және қамырдың кейбір қасиеттерін біледі. Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады.
	Жапсыру	Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алады, желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалана алады. Күтілетін нәтиже: Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Бөлшектерді орналастырып және кірпіштерді қалай алады, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалана алады. Қағаздан құрастыру: Қағазды бүктеу, жырту тәсілдерін пайдалана алады. Күтілетін нәтиже: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі, қағазды түрлендіре алады.
	Музыка	-Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету; -Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру; -Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау; -Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Хор айтуға үлкен шеңберге тұра алады; би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындай біледі.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтай алады, табиғатқа сүйіспеншілік сезімдерін таныта алады. . Өсімдіктер әлемі. 2- 3 ағаштардың түрлерін танып атай алады, бөлме өсімдіктеріне қамқорлық таныта алады. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыра алады. Күтілетін нәтиже: Табиғаттағы және ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқайды. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарды игерген. Жабайы жануарларды атайды. Табиғатқа қамқорлық танытады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі:Қараша айы, 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Негізгі қимылдар: Жүру. шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп Жүгіру. Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру; .Секіру.Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа Лақтыру, тастау, қағып алу. екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру Еңбектеу, өрмелеу. 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру; Тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша). Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күтілетін нәтиже: Допты лақтырып және допты кері қағып алуды біледі. Орнында тұрып биіктікке секіруді біледі

	Алға домалауды біледі Дұрыс тыныс алуды біледі.Алға және артқа айналуды игерді
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: Баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра алуын дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже:Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады. Өз ойын айтады.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, балалардың пікірлерін тыңдау, сурет бойынша әңгімелету. Күтілетін нәтиже: Кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіріп, сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Күтілетін нәтиже: Күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінуге және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдануға баулу.

Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттардың санын ажыратуға үйрету: біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық пішіндер. Геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күтілетін нәтиже: Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді. Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сәндік сурет салу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды. Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Күтілетін нәтиже: Мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады
Жапсыру	Пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыра білуге жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады. Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған

		кұрылыспен бірге ойнату. Қағаздан құрастыру: Қағазды бүктеу, жырту тәсілдерін пайдалана алады. Күтілетін нәтиже:
	Музыка	-Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру; -Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету; -Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау; - Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру жаттығуларын орындауға ынталанады; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіре біледі.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. . Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды. Өртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады, дербестік танытады. Көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі:Желтоқсан айы, 2025жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Негізгі қимылдар: 3. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру 2.Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: 3.Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, 5.Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу 6.Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), 7.Сапқа қайта тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.

		Күтілетін нәтиже: -бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; -қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; -жүруде тепе-теңдікті сақтайды; -бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді; Таңғы жаттығуды өз бетімен жасай алады Беткейге сатылап көтерілу және беткейден түсуді біледі .Аяқты қайшылап секіруді біледі.Белгіленген жерге дейін еңбектеп және қосақтасып жүгіруді біледі. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау тәртібін үйренді
Тіл дамыту		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: Баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айта білуін одан әрі дамыту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді қолдана білуін жетілдіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдап және түсіне алады, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолданып, ересектермен диалог құра білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі. Естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады.
Көркем әдебиет		Оқу, әңгімелеу. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу Күтілетін нәтиже:. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді. Сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады.
Қазақ тілі		Тілдік дамытушы орта. Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың

	атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Қажетті сөздермен сөз тіркестерін құрастыруға баулу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты таба алады, «қанша? неше?» сұрағына жауап бере білуге үйрету. Шама. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйрету. Геометриялық пішіндер. Геометриялық фигуралармен: Шаршы мен дөңгелекті, үшбұрышпен шаршыны салыстырту, ерекшеліктерін анықтау. Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты оң-сол бағытын анықтай білуге үйретуді жалғастыру. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде. Күтілетін нәтиже: Жаңаны тануға ұмтылады. Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды. Оң- солын анықтайды, тәулік бөліктерін ажыратады.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Сәндік сурет салу. Қазақ ою-өрнегі «ирек су», «қызғалдақ» өрнегін сала білуге үйрету. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады. Сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды.

Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Күтілетін нәтиже: Оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді. Қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Қағаздан құрастыру: Қағазды жыртып, алақан арасына салып умаждай алады. Күтілетін нәтиже: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады.
Музыка	-Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну; -Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету; -Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Күтілетін нәтиже: Әндердің қозғалыстық, көңілді сипатын қабылдай алады; мазмұны бойынша таныс әндерді орындай алады
Қоршаған әлеммен таныстыру	Менің Отаным- Қазақстан. Тәуелсіздік күні туралы түсінік беру. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Заттық әлем. Киіз үймен, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аліпуг» балабақшасы
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі:Қаңтар айы, 2026жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Негізгі қимылдар: 1.Жүру. әртүрлі бағытта, тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: 2.Жүгіру. тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру 3.Секіру. құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру 5.Еңбектеу, өрмелеу. еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) 6.Тепе-теңдікті сақтау. арқан бойымен жүру, тура жолмен 7.Сапқа қайта тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: - сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді; - тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді; - шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды;

		-Беткейге сатылап көтерілу және беткейден түсуді біледі -Аяқты қайшылап секіруді біледі.Белгіленген жерге дейін еңбектеп және қосақтасып жүгіруді біледі. -Саппен жүріп, жүгіруді, секіруді,енбектеуді білемін. - Допты себетке салуды білемін
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Сөздік қор. Балаларды тұсау кесу дәстүрімен таныстыру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып, анық айта білуге үйретуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Шығармаларды тыңдағаннан кейін, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады. Өз ойын айтады.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бере біледі, әрекетін талқылайды.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар жаттауға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу Күтілетін нәтиже: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға дағдыландыру.

Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйрету. Шама. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету. Геометриялық пішіндер. Геометриялық фигуралармен: Дөңгелек пен үшбұрышты салыстырту, ерекшеліктерін анықтау. Кеңістікте бағдарлау. Ойын арқылы кеңістікті бағдарлауға үйрету. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең- кеште. Күтілетін нәтиже: Екі затты беттестіру, жанына қою тәсілдері бойынша салыстырады. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды. Кеңістікті бағдарлайды, тәулік бөліктерін ажыратады.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыра алуға жаттықтыру. Сәндік сурет салу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қарға өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: Бояуларды ретімен қолдана біледі. Негізгі түстерді дұрыс атайды. Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды. Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Күтілетін нәтиже: Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды. Жұмысты ұқыпты жасауға тырысады.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Күтілетін нәтиже:

		Ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Қағаздан құрастыру: Қағазды жыртып, алақан арасына салып умаждай алады. Күтілетін нәтиже: Құрастыруды қызығушылықпен орындайды. Ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды.
	Музыка	- Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету; -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу; -Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру; -Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдай алады
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Еңбекке баулу. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Күтілетін нәтиже: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды. Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2026 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); Негізгі қимылдар: 1.Жүру. қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап жүру 2.Жүгіру. белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, 3.Секіру. құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып лақтыру 5.Еңбектеу, өрмелеу. көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күтілетін нәтиже: - оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады; -допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; -заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; -бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; -шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды; -Негізгі қимыл жаттығуларын орындау тәртібін үйренді -Кедергілердің арасынан жыланша өтіп жүруді білемін - Кұрсаулардан астынан еңбектеп жүруді біледі. -Шеңберлердең секіріп өтуді біледі

Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ү- Ұ», «Ж- Ш» дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдап және түсіне білуге, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдана білуге, ересектермен диалог құра білуге, берілген сұрақтарды тыңдап және толық жауап бере білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, ересектермен сөйлеседі. Берілген сұрақтарға толық жауап береді.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Күтілетін нәтиже: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға сын есімдерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу . Күтілетін нәтиже: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді сомдауға бейімдеу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуға дағдыландыру.

Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беруге үйрету. Шама. Заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуге үйрету. Геометриялық пішіндер. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуді жалғастыру. Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауға үйретуді жалғастыру. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау. Күтілетін нәтиже: Жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады. Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Сурет салу	Заттық сурет салу. Әр түрлі пішіндегі (ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Күтілетін нәтиже: Бояуларды ретімен қолдана біледі. Сурет салуда салуда ұқыптылық танытады.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндейді
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды одан әрі жалғастыру. Күтілетін нәтиже: материалдарды қолданып, қағазды түрлендіру әдістерін қолданады.

	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Қағаздан құрастыру: Қағазды тең бүктеп, беттестіре алуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді. Өзі құраған құрылысымен ойнайды. Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады.
	Музыка	-Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру; -Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету; -Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру; -Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Әуені бойынша әндерді таниды, олардың мазмұны туралы баяндауға тырысады; әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау Серуенде қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Еңбекке баулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды. «Жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі:Наурыз айы, 2026 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Негізгі қимылдар: 1.Жүру. жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру 2.Жүгіру. белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру, қарқынды өзгертіп жүгіру 3.Секіру. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен . Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: - жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; -қимылды ойындарды қызығып ойнайды; -күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; -Аяқты қайшылап секіруді біледі.Белгіленген жерге дейін еңбектеп және қосақтасып жүгіруді біледі --Допты домалату,және оны лақтыру біледі -Кедергілерді жинап өз орындарына қоя аламын -Кішкентай шариктерді жинап оларды себетке сала алады
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. «Ә- Е», «Т- Д» дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор. Балаларды қазақтың ұлттық дәстүрімен таныстыру. Дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде,

	астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдана білуге үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту Күтілетін нәтиже: . Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға зат есімдерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуға, сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштарды жаттауға баулу
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыруды, заттардың санын ажыратуға үйретуді, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты таба білуді үйретуді дамыту. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруды үйрету. Геометриялық пішіндер. Ойын арқылы геометриялық фигураларға ұқсас заттарды таба білуді, салыстыра білуді үйрету. Кеңістікте бағдарлау. «Үстінде- астында», «Алдында- артында» ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Уақытты бағдарлау. «Күндіз- түнде», «Таңертең- кеште» ұғымдарын ойын барысында қолдана білуге жаттықтыру.

	Күтілетін нәтиже: «Бір», «көп» ұғымдарын ажыратады. Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі
Сурет салу	Заттық сурет салу. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Дәстүрлі емес әдістермен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Күтілетін нәтиже: Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген. Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді үйрету. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра білулерін одан әрі дамыту. Күтілетін нәтиже: Өртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады. Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады.
Музыка	-Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету; -Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру; -Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; -Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу. Күтілетін нәтиже: Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындайды.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, анықтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін танып және атауға, өсімдік бөліктерін тануға үйрету.

		Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, қысқы тіршіліктен көктемгі тіршілікке ауысқан маусымдық өзгерістерін анықтай білуге баулу. Күтілетін нәтиже: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген. Жабайы жануарларды таниды.
--	--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2026 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Негізгі қимылдар: 1.Жүру. еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. 2.Жүгіру. жылдам (10-20 метрге дейін) 3.Секіру. сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, қақпаға домалату 5.Еңбектеу, өрмелеу. гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). 6.Тепе-теңдікті сақтау. бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 7.Сапқа қайта тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: - өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; -салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; -үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі;

	-Бөренеден аттап өтуді біледі Тепе-теңдікті сақтай алады -Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындай алады - Бөренеден аттап өтуді біледі
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды анық айту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор. Жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін дұрыс қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйретуді жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Естігені, көргені туралы айтады.
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды. Кейіпкерлерге жанашырлық танытады.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Күнделікті қолданылатын тұрмыстық заттардың атауын білдіретін, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға сын есімдерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже:

	Бір-бірімен, ересектермен еркін сөйлесуге, таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттарды қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыруды үйретуді дамыту. Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыра білуді одан әрі дамыту. Геометриялық пішіндер. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеп, нәтижесін шығара білуге үйрету. Кеңістікте бағдарлау. Ойын арқылы «оң- сол» ұғымдарын қолдана білуін бекіту, сөздігінде қолдана білуге жаттықтыру. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін ажырата білуін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Ұстау және көру тәсілдері арқылы заттарды қызығып, қуанып зерттейді. Екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды. Тәулік бөліктерін ажыратады.
Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға баулу. Күтілетін нәтиже: Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтайды
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді, гүлдерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді мүсіндейді.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйретуді жалғастыру: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Күтілетін нәтиже: Желім қалдықтарын сұрту үшін майлықты пайдаланады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: Әртүрлі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады. Ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды.

	Музыка	-Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету; -Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру; -Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау; -Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану. Күтілетін нәтиже: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын біледі.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау. Саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. Ағаштардың, дала гүлдерінің 2-3 түрін танып, атауға, өсімдік бөліктерін тануға үйрету. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Күтілетін нәтиже: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды. Серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аlinur» балабақшасы
Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2026 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Негізгі қимылдар: 1.Жүру. еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. 2.Жүгіру. тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. 3.Секіру. сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. 4.Лақтыру, тастау, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. 5.Еңбектеу, өрмелеу. гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). 6.Тепе-теңдікті сақтау қырлы тақтайдың бойымен жүру. 7.Сапқа қайта тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: - бірлескен қимылды ойындарға қатысады; - үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген; Бір орында тұрыпөкшемен бұрылуды біледі -Баяу және жылдам жүруді, допты қағып, ұстап алуды біледі -Балалар баяу және жылдам жүруді белгіленген жерге дейін еңбектеу үйренді

		-Саппен жүруді, секіруді, домалауды біледі
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың жекеше және жалпылауыш атауымен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдауға және түсінуге, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға, ересектермен диалог құра білуге, берілген сұрақтарды тыңдап және толық жауап бере білуге жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі.	
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау арқылы, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтқызу. Күтілетін нәтиже: Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады. Оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады.	
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға сын есімдерді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже:	
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу арқылы «қанша? неше?» сұрағына жауап бере білуін, заттар тобын салыстырып «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап бере білуін қалыптастыру. Шама.	

	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілей білулерін қалыптастыру. Геометриялық пішіндер. Ойын арқылы геометриялық фигуралар туралы түсінігін бекіту. Кеңістікте бағдарлау. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды жалғастыру. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін ажырата білуін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады. Тең және тең емес заттар тобын салыстырады. Жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыра білуін қалыптастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдана білуін дамыту. Күтілетін нәтиже: Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды, тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады. Бояуларды ретімен қолдана біледі
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіре білуін жетілдіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Күтілетін нәтиже: Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды, жұмысты ұқыпты жасауға тырысады.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру, қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасап, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыра білуін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген. Бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады.

Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Күтілетін нәтиже: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді. Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады.
Музыка	-Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу; -Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру; -Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау; -Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасай алады Күтілетін нәтиже: Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасай алады
Қоршаған әлеммен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді (аквариумдағы балықты) бақылау дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Көлік құралдарын атайды, жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелерді біледі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды, табиғатқа қамқорлық танытады.